

Мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

2024 жылғы 17 маусым

Төрағалық етті: Б.Ш. Ағыбаева

Қатысқандар:

Қоғамдық кеңес мүшелері: Әбіл Е.Қ., Беркамалов С.Н., Жақыпов М.Х.,
Закиев Ә.Б., Құрманова Б.Б., Муксимов С.С., Садық М.К., Ойшыбаева Ж.Б.,
Айтақын Қ.С.

Күн тәртібі

Әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмыс нәтижелері туралы

(Ағыбаева Б.Ш., Кәжімбаев А.Ж.)

1. Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау департаментінің Әдептік құқық бұзушылықтың профилактикасы басқармасы басшысының баяндамасы назарға алынсын.

2. Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне отырыста айтылған пікірлер негізінде ұсынылсын:

- мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың және Әдеп кодексінің сақталуын мониторингтеу мен бақылауды және этикалық құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейтсін;

- мемлекеттік органдардағы әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметіне психолог мамандарды тарту мәселесін қарастырсын;

- Мемлекеттік басқару академиясы мен оның өңірлердегі филиалдарының базасында әдеп жөніндегі уәкілдердің коммуникативті күзінеттіліктерін дамытуға арналған курстар мен семинар-тренингтер ұйымдастыруды қарастырсын;

- әдеп жөніндегі уәкілдердің мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультациялық көмек көрсету, олардың өтініштері мен шағымдарын қарау арқылы құқықтарын қорғау және мемлекеттік органдарда жүргізілетін этикалық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған түсіндіру шаралары туралы есептерін нақтыласын;


- мемлекеттік қызметтің және мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін, ашықтығын, адалдығын, жоғары адамгершілік қасиеттері мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі имидждік жұмыстарды іске асырсын.

Қоғамдық кеңес
төрағасы



Б. Ағыбаева

Қоғамдық кеңес
хатшысы



М. Иманбаев